# Magjan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 20 (922) 21 мамыр 2026 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi  https://www.instagram.com/magzhan.zhuldizi/  e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz


ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ



## МАҒЖАНДЫҚ ШАРУАЛАР МАМЛЮТ ЖӘНЕ ЖАМБЫЛ АУДАНДАРЫНДА БОЛДЫ

**18 мамыр күні аудан әкімі Рахат Смағұлов етті мал шаруашылығын дамыту аясында ауданның ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің делегациясын Мамлют және Жамбыл аудандарына бастап барды.**

Сапар барысында «Мамбетов и К» КТ және «Шатило и К» ЖШС барып, қатысушылар бордақылау алаңдары мен асыл тұқымды репродукторлардың жұмысымен танысты.

Ерекше назар озық тәжірибені, қолданылып жатқан технологияларды зерделеуге, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы саласындағы тәжірибе алмасуға аударылды.

ЖҰМЫС САПАРЫ

## ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

***Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Нұрлан Кеңесов жұмыс сапарымен Мағжан Жұмабаев ауданына келіп, бірқатар маңызды объектілерді аралады.***



Сапар барысында «ҚазАвтоЖол» кәсіпорнының нысандарында болып, Булаев қаласына экскурсия жүргізілді. «Есіл су» және «Булаево» топтық құбырларының жұмысы талқылып, ауданды сумен қамтамасыз ету бойынша жұмыс кеңесі өтті.

Сондай-ақ Нұрлан Кеңесов Достық ауылындағы радиожиілік су құбырының монтаждау жұмыстарын тексерді.

Сапар соңында ол қазақтың көрнекті ақыны әрі қоғам қайраткері Мағжан Жұмабаевтың өмірімен және шығармашылығымен жете танысу мақсатында Сарытомар ауылындағы Мағжан Жұмабаев музейінде болды.

**Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің баспасөз қызметі.**

КӘСІПКЕРЛІК

## БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНДА МАЛ АЗЫҒЫ ҰНЫН ӨНДІРЕТІН ДИІРМЕН КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

***Өткен аптада ауданда қазақстандық-қытайлық «Silk Way Link» ЖШС компаниясының жаңа диірмен кешенінің салтанатты ашылуы өтті. Іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Абай Қазисов, «Silk Way Link» ЖШС директоры Алмас Кенжебаев, қытайлық серіктестер мен аудан тұрғындары қатысты.***







Жаңа өндірістік нысан астық өнімдерін өңдеуге бағытталған және тәулігіне 800 тоннаға дейін өнім өңдеу қуатына ие. Кәсіпорында шикізатты қабылдау және сақтау, қоспалардан тазарту, көпсатылы тарту, дайын өнімді қалыптастыру және автоматты түрде қаптау үдерістері толық автоматтандырылған. Өндіріс процесіне заманауи роботтандырылған жүйелер енгізілген, бұл қол еңбегін азайтып, кәсіпорын жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда кәсіпорында 50-ге жуық адам еңбек етеді. Қытайлық компания 500 млн теңге инвестиция құйды. Кәсіпорынның жылдық қуаты 120 мың тоннадан асып жығылады. Біз диірменге мал азығы ұнын өндіруге арналған 4-5 сұрыпты дәнді-дақылдарды жергілікті диқандардан сатып аламыз. Кейін өңдеп, жемдік ұннан дәруменге аса бай гранула түріндегі құрамажем дайындаймыз. Өндіріс орнында арнайы шикізатты қабылдау және сақтау орны бар. Мұнда роботтандырылған жүйе іске қосылған. Кәсіпорын жемдік ұн және өңделген астық өнімдерін Қытайға экспорттайды, - дейді Алмас Кенжебаев.

Жобаның негізгі мақсаты – Қазақстан мен Қытай арасындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, өңдеудің заманауи технологияларын енгізу және сапалы өнімді тұрақты жеткізуді қамтамасыз ету.

2026 жылы ауданның ауыл шаруашылығы саласында 27 млрд теңгенің 10-ға жуық инвестициялық жобасы жүзеге асырылмақ.

Бұл шаралардың барлығы халықтың тұрмысын жақсартуға, экономиканы дамытуға және жұмыссыздық санын азайтуға бағытталған.

**Еркін ТӨЛЕГЕН, суреттерді түсірген автор.**

18 МАМЫР - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЗЕЙ КҮНІ

# МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ МУЗЕЙІНІҢ ТАРИХЫ

Халқымыздың ұлы ақыны, біздің даңқты жерлесіміз Мағжан өз заманының ең білімді адамдардың бірі болған. Ұлы адамдардың өз топырағында туғанын кім мақтан етпейді? Сталинизм құрбандарының аяулы да адал есімдерін қаймықпай атауға болатын қуанышты күн туғанда бар қазақ халқы шаттанды. Мағжан есімін жалғыз мен ғана емес ардақтайтын, барша халқымыз Мағжан рухына бас иетініне сенімдімін.

Елу жыл бойы елден жасырып, атын ауызға ала алмай келгеніміз бекер екен. Оған ақын жырлары куә. Елі елу жыл бойы еңірей, жоқтаған ұлы ақынымыз халқына қайта оралды. Сермесең семсерің, қорғансаң қалқаның болам деп халқы үшін отқа түсіп, оққа ұшқан ақын Мағжанның аты айдай әлемге танылып, дүниені шарлап, оның ұлылығын тани, ұға бастадық.

Мағжан – бір тұтас әлем. Мағжан құпиясы әлі де толығымен ашылмаған жұмбақ тәрізді. 1988 жылы ғана Мағжан шығармалары «зынданнан» босатылып, жан жүректі жаулаған ғажайып жырлары қалың оқырмандардың құшағына қанат қаға бастады. Алғашқылардың бірі болып Көжекпаев Ерік Қаскейұлы 1989 жылы Сарытомар орта мектебінде бір бөлмеде Мағжанға арнайы музей ұйымдастырған болатын. Туыстарынан біртіндеп жәдігерлер жинастырды.

Мағжан бабамыз 1960 жылы ақталса да, тек 1993 жылы Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдық мерей тойы тойланды. Той қарсаңында бал қарағайдан төрт бөлмеден тұратын музей салынды. Осы жылы ақиық ақын сағыныш сезіммен жырлаған Сасықкөлдің жанындағы атақоныстың маңына, сұлу табиғатпен үндескен жерге жақпартас қойылды, мүсінші Ақмола қаласының тумасы Азат Хамбетұлы Баярлиннің жасаған Мағжан ескерткіші совхоз орталығына орнатылды.

Ақынның 110 жыл толуына байланысты, жұртшылық тілегін ескере отыра бұл ескерткішті «Мағжан Жұмабаев музейінің» қасына көшірілді. 2008 жылы тұрғындардың және зиялы қауымның ұсыныстарын ескере отыра музейдің дәрежесін көтеру ұйғарылып, музей Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігі мен Мәдениет және ақпарат министрлігінің қарамағына алынып, коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын болып тіркелді.

Музей күрделі жөндеуден өтіп, заман талабына сай экспозициалық және мемориалдық залдар жаңартылып, Мағжан Жұмабаевтың 115 жылдығына орай, 2008 жылы 21 маусымда қайта жаңартылған «Мағжан Жұмабаев музейі» салтанатты түрде ашылып, мен еңбек жолымды білім саласынан мәдениет саласында жалғастырдым.



*«Адамның қадір қасиетін бойына қарап бағаламайтыны сияқты, халықтың да ұлылығын оның санына шағып айырмайды», - деп айтқан екен Виктор Гюго. Француздың ұлы гуманисі, атақты жазушысы, ақынымен келісе отырып ұлттың ұлылығын тарихына, сол тарихты жасаған ұлы адамдардың еңбегіне қарап бағалаған дұрыс сияқты. Сол ұлылардың ішінде ерекше жарқырап, көзге шоқтай басылатын тұлғаның бірі – Мағжан Бекенұлы Жұмабаев.*

«Мағжан Жұмабаев музейінің» экспозициясы Мағжан Жұмабаевтың өмірі, әдеби шығармашылығы, әдеби мұрасы, қызметі негізінде құрылған. Музейдің негізгі жұмысы – Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына, ашылмаған жаңалықтарға негізделген. «Мағжан – ел есінде» тақырыбы бойынша зерттеулер жалғастырылуда.

Қазақтың ақиық ақыны, жерлесіміз Мағжан Жұмабаевтың өмірі, қызметі, творчествосына байланысты ауылымыздың тұрғындарынан, туысқандарынан, еңбегін бағалап, зерттеу жұмыстарын жүргізген қызметкерлерден қосымша ақпараттар жинастыру жүргізілуде. Музей өлкетану жұмыстары арқылы өскелең ұрпақтың азаматтық, патриоттық сезімдерін қалыптастыру, ата-мекеніне, туған жеріне, өскен ортасына, тарихына қызығушылықтарын арттыру негізінде жұмыс жүргізуде.

Экспозициялық залда ақынның 1922 жылы Ташкентте басылып шыққан «Педагогика» кітабын, Омбы қаласындағы Мұғалімдер семинариясының 1914-16 жылдардағы бір сыныптан екінші сыныпқа көшу хаттамалары, Мағжанның 1920-22 жылдары жұмыс істеген кездерін куәландыратын құжаттары, 1922 жылы 20 тамызда Көкшетау болысына барғанда жазған баяндамасы көрсетілген.

Мағжан Мәскеуде болған кезінде аударма жұмысымен айналысқан араб графикасымен аударылған Максим Горькийдің «Сұңқар жыры» мен Мамин-Сибиряктың «Ақбозат» аудармалары да сақталынған. Музейге әкеліп тапсырған жәдігерлердің ішінде ең құнды да, қымбаттысы 1923 жылы Ташкент қаласында басылып шыққан «Өлеңдер жинағы». Зылиха ханым 70 жыл сақтап ақынның төл музейінен орын алу керектігін, оның тұрақты мекені ақынның туған жеріндегі музей деп шешіп сыйға табыс етті.

Мағжанның алғашқы «Шолпан» кітабының көшірмесін 2020 жылы сәті түсіп Сәуле Зейноллақызы Мәлікова музейге сыйға тартқан болатын. Әкесі Мағжанның болыс болған, болыстардың үстелін, 1932 жылғы патефон Исанбердина Баруха апай сыйға тартқан болатын, оны да тамашалауға мүмкіндік бар. Бекен әулетінен сақталған 1929 жылғы қара керует пен сырмақ. Керует Қақабаевтар отбасында сақталып, 1993 жылы реставрациядан өтіп, 1993 жылы Қақабаев Елтай табыс еткен.

Зылиханың былғарыдан тігілген мәсісі, бөртпе шәлісі, Мағжанның атасы Жұмабай қажы болған адам, қажылыққа барғанда әкелінген көне Құран кітап 1871 жылы Қазан баспасында басылған және Жұмабаевтар отбасынан тапсырылған жайнамаз да музей төрінен орын алған.

2019 жылы 23 мамырдан бастап «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Солтүстік Қазақстан облыстық музей бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Мағжан Жұмабаев музейі» филиалы болып өзгертілді.

Ондаған жылдар бойы Мағжан аты қара тақтаға жазылып келсе, енді міне алтын әріптермен жазылып келеді. Шын асылдардың тот баспайтыны секілді Мағжан мұрасының халқының қолына қайта тигенін көргенімізге бақыттымыз. Мағжан жырлаған Сасықкөл – тарихи жер, ақыннан қалған мәңгілік белгі!

Мағжан жырларын, Мағжан өлеңдерін алдымен өзіміз оқып, туған елімізді, атамекен жерімізді, асыл ана тілімізді, ар-намыстан жаралған асқақ рухымызды Мағжандай қастер тұтып, қадірлей білуге ұмтылайық!

Қадір-қасиетімізді ұғынған соң, өзіміздің соңымыздан ерген жас ұрпаққа үлгі, ұлағат етуге тырысайық.

**Айгүл МҰХАМЕДИЕВА,**
**«Мағжан Жұмабаев музейі» филиалының директоры.**





20 МАМЫР - ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МЕТРОЛОГИЯ КҮНІ

# «МЕТРОЛОГИЯ: САЯСАТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА СЕНІМДІ НЫҒАЙТУ»




2026 жылғы Дүниежүзілік метрология күнінің тақырыбы — «Метрология: саясат қалыптастыруда сенімді нығайту». Бұл тақырып метрологияның саясаткерлерге негізделген, ашық және орындалған шешімдер қабылдау үшін ғылыми дәлелдер мен құқықтық негіздер ұсынудағы рөлін айқындайды.

**20 мамыр — 1875 жылы Метрлік конвенция қол қойылған күннің құрметіне атап өтілетін Дүниежүзілік метрология күні. Бұл шарт ғылыми жаңалықтар мен инновациялардың, өнеркәсіптік өндіріс пен халықаралық сауданың негізін құрайтын, сондай-ақ өмір сапасын жақсартуға және қоршаған ортаны қорғауға ықпал ететін бірыңғай жаһандық өлшем жүйесінің іргетасын қалады.**

Күн сайын ғылыми және заңнамалық метрология тұтынушыларды қорғау мен әділ сауданы қамтамасыз ету үшін өзара тығыз байланыста жұмыс істейді, осылайша нарықтың тиімді қызмет етуіне жағдай жасайды. Энергия мен отын өлшемдерінің дәлдігін қамтамасыз етуден бастап, нарықтық операцияларды, көлік қауіпсіздігін және қоршаған ортаны мониторингтеуді қолдауға дейін — бұл келісілген жүйе азаматтарға, нарықтарға және елдер арасындағы ынтымақтастыққа әсер ететін шешімдер үшін өлшемдерді сенімді негіз ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Әлем бойынша ұлттық метрология институттары (NMI) осы үдерісте негізгі рөл атқарады, өлшеу ғылымын үздіксіз дамытып, қажетті күрделілік деңгейінде жаңа әдістерді әзірлеп және валидациялайды. NMI ұйымдары Халықаралық өлшемдер мен салмақтар бюросы (BIPM) немесе өңірлік метрология ұйымдары үйлестіретін өлшемдерді салыстыруларға қатысып, бүкіл әлем бойынша нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз етеді.

NMI-мен қатар, ұлттық заңнамалық метрология органдары халықаралық үйлестірілген талаптарға сәйкес заңмен реттелетін өлшемдерді енгізу және бақылау бойынша ерекше рөл атқарады. Осы қызметті қолдау мақсатында Заңнамалық метрологияның халықаралық ұйымы (OIML) көптеген салаларда талаптарды үйлестіруге бағытталған халықаралық ұсынымдар әзірлейді. OIML сондай-ақ OIML сертификаттау жүйесін (OIML-CS) жүзеге асырады, ол реттелетін өлшеу құралдарының халықаралық мойындалуын және жаһандық сауданы жеңілдетеді.

2023 жылғы қарашада маңызды кезеңге қол жеткізілді: ЮНЕСКО Бас конференциясы өзінің 42-сессиясында 20 мамырды жыл сайын атап өтуді ресми түрде мойындады. Бұл шешім метрологияны ілгерілету үшін жаңа мүмкіндіктер ашады және ЮНЕСКО-ның ғылым мен білім арқылы жақсы әлем құру миссиясына сәйкес келеді.

**ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.**

КӨРКЕМСӨЗ БАЙҚАУЫ

# «МЕН ҚУАНЫШТЫ ӨЛЕҢДЕРДЕН ТАБАМЫН»

**Аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен Солтүстік Қазақстан облысының 90-жылдығына арналған «Мен қуанышты өлеңдерден табамын» атты көркемсөз байқауы өтті.**



Байқаудың мақсаты – көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру, поэзияны насихаттау және туған жерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу болды.

Байқауға қатысушылар Отан, туған жер, Солтүстік Қазақстанның әсем табиғаты туралы, сондай-ақ жергілікті ақындардың шығармаларын мәнерлеп оқыды.

Кітапханашылар қатысушыларды дайындауға белсенді қатысып, олардың шығармашылық қабілеттерін, мәнерлеп оқу шеберлігін және әртістік өнерін ашуға көмектесті.

Байқау қорытындысы бойынша I орынды — Зарина Нұрланова жеңіп алды, II орынды — Вадим Манзюк иеленсе, III орын — Лаззат Махмудоваға бұйырды.

Сонымен қатар қатысушылар келесі номинациялар бойынша марапатталды:

«Туған өлкем» — Ілияс Қарагизов
«Поэзия дауысы» — Диана Бектұрғанова
«Поэзиялық дауыс» — Нұрай Тұрар
«Жанды сөз» — Дарина Кенжеғарина
«Үздік оқырман» — Вера Бледных

Қалған қатысушылар байқауға қатысқандары үшін Алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Байқау жылы әрі шығармашылық атмосферада өтіп, барлық қатысушылар мен көрермендерге жарқын әсер мен шабыт сыйлады.

**Айсұлу РАСҚҰЛОВА,**
**аудандық кітапхананың кітапханашысы.**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА




# ЖАҚСЫЛЫҚ КӘУСАР – РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ

***2026 жылғы 11 мамыр күні еліміздің астанасы — Астана қаласында Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген дарынды әрі білімді оқушылардың басын қосқан қазақ тілі бойынша «Жарқын болашақ» республикалық олимпиадасының республикалық кезеңі өтті.***

Ауданымыздың намысын Октябрьское орта мектебінің 9-сынып оқушысы Жақсылық Кәусар абыроймен қорғап, жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, білім додасында үздіктер қатарынан көрініп, жүлделі II орынды иеленді!

Бұл — табандылық пен тынымсыз еңбектің, жауапкершілік пен білімге деген ұмтылыстың жемісі. Осындай жоғары жетістіктің артында ұзақ дайындық, үлкен жігер және үздіксіз ізденіс жатыр.

Жақсылық Кәусарды және оның жетекшісі, қазақ тілі пәнінің мұғалімі Нұрғалиева Айжан Жанғалиқызын лайықты жеңістерімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл жетістік алдағы асуларға бастар жарқын қадам болып, жаңа белестер мен толағай табыстарға жол ашсын!

«Жарқын болашақ» — Қазақстанның талантты жастарының қолында!

«АДАЛ АЗАМАТ»

# ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ!

**Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте 2025–2026 оқу жылын қорытындылауға арналған және Халықаралық отбасы күніне орай «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» атты салтанатты іс-шара өтті. Бұл мереке «Адал азамат» бағдарламасы аясында мектеп пен отбасы бірлігін дәріптеу мақсатында ұйымдастырылды.**

Бүгінгі кештің басты кейіпкерлері — жыл бойы мектеп сахнасында балаларымен иық тіресе өнер көрсеткен белсенді ата-аналарымыз. Олар тек көрермен емес, әрбір мерекелік шарада балаларымен бірге би билеп, ән шырқап, шығармашылық бастамаларға жан бітірген нағыз үлгілі отбасылар. Осы белсенділіктері мен мектеп өміріне қосқан үлестері үшін бір топ ата-ана мектеп әкімшілігінің «Алғыс хатымен» салтанатты түрде марапатталды.

Сонымен қатар, шәкірттерінің әрбір жетістігіне өзіндік үлес қосып, әр сыныптың тыныс-тіршілігіне шын жүректен алаңдап жүретін сынып жетекшілері де марапатқа ие болды.

Мерекенің ең айбынды сәті — салтанатты парад болды. Сахна төрінен мектебіміздің мақтаныштары: аяулы Әжелер клубы, 2026 жылғы мектеп бітіруші түлектер, Қамқоршылық кеңес мүшелері, оқу озаттары мен үздік спортшылар, «Жас сарбаз» ұйымының өрендері, ұстаздар, сахна сәні болған шығармашыл оқушылар және мектептің белсенді Парламенті зор мақтанышпен жүріп өтті.

Кеш соңында таза ауада мерекелік дастархан жайылды. Ата-аналар балалар үшін ақ дастархан жайнатса, мұғалімдер өз қолдарымен дәмді палау пісіріп, оқушыларға мерекелік базарлық ұсынды. Бұл жылы кездесу мектеп ұжымы, оқушылар мен ата-аналардың басын қосып, бауырмалдық пен сыйластықты нығайта түсті.

**Ербол ЖЕКЕНОВ,**
**Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің директоры.**









**21 МАМЫР - МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ**



*Елімізде 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні болып бекітіліп, кәсіби мереке ретінде 2013 жылдан бері аталып келеді. Бұл – шығармашылық адамдарына деген айрықша құрметтің белгісі және әрбір мәдениет қызметкері үшін ерекше күн. Мәдениет пен өнер – қоғам дамуының негізгі қажетті саласы. Мәдениеті мен өнері өркендеген қоғам әр уақытта ілгерілеп, үнемі алға дамиды.*

# ТАЛАНТТЫ ОТБАСЫ - ЕЛ МАҚТАНАШЫ

Қазақ халқының ұлттық дәстүрі мен өнерін дәріптеу — тарихымызды жаңғыртудың маңызды жолы. Сондықтан бүгінгі таңда ұлттық құндылықтарды, ән мен жырды сақтап қалу үшін жер-жерде барын салып келе жатқан өнер майталмандары мен шығармашыл ұжымдардың еңбегі орасан зор.

Ата-бабадан қалған асыл мұралар, жыр-термелер мен халық әндерін нақышына келтіріп, ұлттық аспаптармен тамылжыта орындайтын өнерлі ұжымдардың бірі – Қайрат Жамбаев пен Баян Ботабекованың жанұясы. Отағасы Сарытомар ауылдық Мәдениет үйінде мәдени ұйымдастырушы болса, отанасы – Мағжан ауылдық округінің әкімі лауазымын атқарады. Өнер иелері қандай қызмет атқарса да, шығармашылықпен айналысуға қашан да уақыт табады. Тіпті, олар соңғы үш-төрт жыл шамасында отбасылық ансамбль құрып, аудан мен облыс аумағында сәтті өнер көрсетіп жүр.

Ансамбль жетекшісі - Қайрат Жеңісбайұлы 1974 жылы 8 қаңтар күні Жамбыл ауданы Талас ауданы Аққөл ауылында дүниеге келген. Домбыраны әкесінен үйреніп, қарындасы екеуі есейе келе өнер жолып таңдапты.

Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектепті тәмамдаған соң, Қайрат Жамбаев Шымкент қаласындағы музыка колледжіне оқуға түседі. Төрт жыл бойы жыршы-термеші мамандығын игеріп, әкесінің қанымен, анасының ақ сүтімен келген ұлттық құндылықтарды одан әрі дамытады.

Қолына диплом алған жас өнерпаз арман қуып, Алматы қаласына көшіп келеді. Мұнда жас маман Неке сарайына жұмысқа кіріп, шаруашылық меңгерушісі




қызметін атқарады. Мұнда ол ісіне адал, қызметіне жауапты жан ретінде өзіне жүктелген міндеттерді лайықты орындап, басшылықтың алғысына бөленіп жүреді.

1998 жылы өмірлік жары Баян Ботабекованы кезіктіріп, өнерлі жастар шаңырақ құрады. Жас отбасы жаңа өмірге аяқ басып, осы жылы Солтүстікке көшуге шешім қабылдайды.

Мақсатына жеткен өнерпаздар алдымен Петропавл қаласына тұрақтап, кейін 2005 жылы Булаев қаласындағы аудандық Мәдениет үйіне жұмысқа тұрады. Ал 2007 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Сарытомар ауылында тұрып, жергілікті мәдени ошақта еңбек етіп келеді.

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетін музыка пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдаған Баян Жайдарханқызы ауылдық округ әкімі лауазымына дейін көп жыл бойы ауылдық Мәдениет үйін басқарып, мектепте ұстаздық қызмет те атқарған. Мәдениет үйі жанында оқушылар үшін ән айту, домбыра үйірмесі, этно-мәдени орталық жұмыс істеді. Жергілікті мектеппен, кітапханамен және Мағжан Жұмабаев музейімен бірге көптеген іс-шаралар ұйымдастырып, жоғары деңгейде өткізгеніне жұрт куә.

Ауылдастарымен бірге олар ақын, педагог, Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаевтың бірнеше мерейтойын өткізуге өзіндік үлестерін қосқан өнерлі жандар ауылда ғана емес, аудан деңгейінде ұлттық салт-дәстүрді, ән мен күйлерді насихаттауға атсалысып келеді.

Жиырма жылға жуық уақыт ішінде Қайрат Жеңісбайұлы облыстық дәстүрлі әндер мен жыр-термелер байқауларына қатысып, аудан намысын абыроймен қорғап жүр. Бірнеше мәрте жүлдегер атанған өнерпаз дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталған екен.

Талантты жұп дуэт құрып та өнер көрсетіп, әртүрлі конкурстарда жүлдегер атанған. Сахна төрінде көрерменнің көз-айымына айналған өнер иелері көп жылдар бойы мағжандықтардың қошеметіне бөленіп жүрген әншілер екені сөзсіз. Енді міне, отбасылық ансамбль ретінде ұлттық аспаптармен өнер көрсететін шығармашыл ұжым халықтың жаңаша көңілінен шығып отыр.

Мәселен, Қайрат Жамбаев – сырнай, Баян Ботабекова – домбыра тартса, қыздары Салтанат – сылдырмақта, Қазына – дауылпазда, ал Қарақат – тайтұяқта ойнайды. Ұлттық аспаптардың сазды әуенімен көпшіліктің көңілін жаулап алған ұжымның өнеріне ел риза. Олардың алар асуы әлі де алда деген ойдамыз.

Ендеше, қазіргі таңда қазақтың ұлттық өнерін, халық әндерін, сонымен қатар, қазақ мәдениетін жан-жаққа танытып жүрген өнерпаздарға шығармашылық табыс, толағай шабыт және ықыласты көрермен тілейміз! Өнер иелерінің еңбегі әрқашан бағаланып, сахна төрінде самғай беруіне шын жүректен тілектеспіз.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**

# УАҚЫТПЕН СЫНАЛҒАН ТӘЖІРИБЕ



**Кітапханаға келгенде бізді тыныштық, жаңа беттердің ерекше иісі және шексіз білім әлемі қарсы алады. Бұл сиқырлы орта адамды күнделікті күйбең тірліктен ажыратып, рухани дем алуға көмектеседі. Мұндағы бүкіл өмір тек кітаптардан, оқырмандардан және әдеби кештерден тұратын сияқты. Бірақ бұл мәдени сиқырдың артында күрделі механизм жатқанын және оның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін басты адам — бас бухгалтер тұрғанына назар аудармай жатамыз.**

Кітапханада бухгалтер - бұл есеп-қисапты реттейтін қарапайым қызметкер ғана емес, бұл ерекше ақыл-ойымен ерекшеленетін кең көзқарасты жауапты маман. Өйткені оның атқарар жұмыс ұшан-теңіз. Мәселен, ол қызметкерлердің жалақысын есептеп, барлық коммуналдық шығындарды ескеріп, ондаған мерзімді басылымдарға жазылуды қамтамасыз етеді, ең бастысы, жаңа түскен кітаптарды дұрыс қабылдауды бақылайды. Өйткені, әр кітап, әр журнал - бұл нақты бухгалтерлік есепті қажет ететін құнды қор.

Мәдениет саласындағы бухгалтер мамандығы ерекше икемділікті қажет етеді. Саланы қаржыландырудың өзіндік ерекшеліктері бар және маман мемлекеттік сатып алу мен бюджет заңнамасының барлық қыр-сырын басшылыққа алуы керек.

Бухгалтердің күнделікті жұмысы - бұл тек мінсіз есептілікте көрсетілген шығармашылық қана емес, мұнда барлық сандар өлеңдегі ұйқастар сияқты жарасып тұрады.

Біздің кәсіби мереке - Мәдениет қызметкерлері күні қарсаңында мен мамандығы қатаң математика мен өнердің таңғажайып әлемін біріктіретін адам туралы, жылдар бойы кітапхана жүйесінің сенімді тірегі болып табылатын адам - Мағжан Жұмабаев ауданы орталықтандырылған кітапхана жүйесінің бас бухгалтері Тұрсымбаева Ұлжан Бегалықызы туралы айтқым келеді.

Ұлжан Бегалықызы жиырма жылдан астам еңбек жолын мәдениет саласындағы бухгалтерлік іске арнап келе жатқан жан. Осы жылдар ішінде ол ауданның мәдениет бөлімінде жұмыс істеді, содан кейін өзінің кәсіби тағдырын кітапхана жүйесімен байланыстырды. Оның есімі әріптестеріне жауапкершіліктің, адалдықтың және жоғары кәсібиліктің символы ретінде танымал.

Мәдениет саласындағы бухгалтердің жұмысы терең білім мен зейінді ғана емес, сонымен бірге үлкен шыдамдылықты қажет етеді. Әр есептің, әр санның және қаржылық құжаттың артында күнделікті қажырлы еңбек жатыр. Ұлжан Бегалықызы әрқашан жұмыста дәлдікпен, іске сауатты көзқараспен және тіпті ең қиын жағдайларда да шешім таба білумен ерекшеленеді.

Әріптестер оны тәжірибелі маман ретінде ғана емес, сонымен қатар көңілі ашық жан және жүрегі мейірімді адам ретінде бағалайды. Ол жан-жақты, жанашыр әрі әдепті қызметкер, сол себепті сөз бен істі қолдауға, кеңес беруге, білімімен бөлісуге келгенде, оның шебер ойлары дәл шығып жатады. Жас мамандар Ұлжан Бегалықызы өзінің бай кәсіби тәжірибесімен бөлісіп, мамандықты меңгеруге көмектесетінін және бухгалтерлік жұмыстың қыр-сырын түсіндіруге әрқашан дайын екенін ризашылықпен атап өтеді.

Еңбек еткен жылдары ол ұжымның құрметіне және әріптестерінің ыстық ықыласына ие болып келеді. Осындай адамдардың арқасында кітапхана жүйесі тұрақты және сенімді жұмыс істейді, ал қызметкерлер өздерінің негізгі миссиясы — оқырмандарға қызмет ету, мәдениет пен білімді сақтау мәселелерімен сабырлы түрде айналыса алады.

Кәсіби мереке күні Ұлжан Бегалықызына көп жылғы адал еңбегі, мамандыққа берілгендігі және аудан мәдениетін дамытуға қосқан баға жетпес үлесі үшін шын жүректен алғыс білдіргіміз келеді.

Сізге зор денсаулық, амандық, рухани жылулық, әріптестеріңіздің құрметін және өмірдегі бар бақытты тілейміз. Сіздің кәсібилігіңіз бен өмірлік даналығыңыз көптеген жылдар бойы басқаларға үлгі бола беретініні сөзсіз.

**Сандуғаш БЕКІШЕВА,**
**аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры.**

# МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР – ҚОҒАМ АЙНАСЫ

***Құрметті Мағжан Жұмабаев ауданының мәдениет және өнер саласының қызметкерлері!***




*Мәдениет — халықтың рухани байлығы, тарихы, дәстүрі мен ұлттық жадысы. Мәдениет және өнер қызметкерлері қоғамның рухани құндылықтарын сақтап, дамытуға өлшеусіз үлес қосып, өскелең ұрпақты өнерді, туған жерді және ұлттық мұраны құрметтеуге тәрбиелейді.*

*Бүгінде Мағжан Жұмабаев ауданында 65 мәдениет мекемесі жұмыс істейді. Бұл салада 198 мәдениет және өнер қызметкері еңбек етуде. Олардың кәсіби шеберлігі, таланты мен өз ісіне деген адалдығының арқасында ауданның мәдени өмірі қарқынды дамып, игі дәстүрлер жалғасын тауып, жаңа шығармашылық жобалар жүзеге асырылуда.*

*Ауданда 38 кітапхана, 25 клуб мекемесі және 2 музей халыққа қызмет көрсетуде. Бұл мекемелер мәдениет пен руханияттың, ағарту мен шығармашылықтың маңызды орталықтарына айналып отыр.*

*Кітапхана саласында 53 маман еңбек етеді. Олар оқырман мәдениетін қалыптастыруға, кітап қорын сақтауға және халықтың рухани дамуына зор үлес қосуда. Қазіргі таңда кітапханалар түрлі буын өкілдерін біріктіретін заманауи мәдени алаңға айналуда.*

*Клуб мекемелерінде 131 мәдениет қызметкері еңбек етеді. Олардың бастамасымен түрлі мерекелік іс-шаралар, концерттер, фестивальдер, байқаулар мен шығармашылық жобалар ұйымдастырылып, аудан тұрғындарының өнерге деген қызығушылығы артып келеді.*

*Аудан музейлерінде 14 маман қызмет атқарады. Олар туған өлкенің тарихын сақтап, ұлттық мұраны насихаттауға, жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруға үлес қосуда.*

*Мәдениет қызметкерлері — жүрегі кең, рухани бай, шығармашылыққа толы жандар. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында ауданның мәдени өмірі мазмұнды, жарқын әрі тағылымды бола түсуде.*

*Осы кәсіби мереке күні барша мәдениет және өнер саласының қызметкерлеріне адал еңбектері, жоғары кәсібилігі және өз мамандықтарына деген сүйіспеншілігі үшін шынайы алғысымызды білдіреміз. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шығармашылық шабыт, жаңа жетістіктер мен аудан мәдениетін дамыту жолындағы толағай табыстар тілейміз!*

**Динара СҰРАҒАНОВА,**
**аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының м.а.**

# 27 МАМЫР – ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІНІҢ БІРІНШІ КҮНІ!

***18 мамыр күні һижри жыл санауы бойынша зұл-хижжа айы басталды. Яғни Арапа күні биыл 26 мамырға сәйкес келеді. 27 мамыр– Құрбан айт мерекесінің бірінші күні.***

*Ислам дінінде қасиетті күндер, түндер және айлар қамари жыл санауы негізінде анықталады. Мұндай жыл санақ ай фазасының өзгеруіне қарай есептеледі. Жаңа айдың (һилалдың) көрінуімен жаңа ай басталады. Қамари ай кейде 29 не 30 күн болады.*

*Зулхижжа айының алғашқы он күнінде барынша ықыласпен ғибадат етіп, көбірек ізгі істер мен жақсы амалдар жасауға тырысу керек. Өйткені, хадистерде сол уақытта орындалған игі істердің сауабы еселеніп жазылатыны айтылған.*

*Ал арапа күні ораза тұту – сүннет. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Арапа күні ораза ұстау арқылы Алладан өткен және келесі жылдың күнәсін кешіруді үміт етемін», – деген.*

*Құрбан айт намазынан кейін үш күн ішінде жағдайы келген мұсылманға құрбандық шалу – міндет. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Раббыңның разылығы үшін намаз оқы және құрбандық шал» («Кәусар» сүресі, 2-аят) деп бұйырған.*

*Алла Тағала елімізге амандық, жұртымызға тыныштық берсін. Ізгі ниетпен шалатын құрбандығымыз, қажылық сапарында жүрген отандастырымыздың қажылығы қабыл болсын.*

*Әмин!*




# ЗҰЛ–ХИЖЖА АЙЫНЫҢ 10 КҮНІ

***Алла Тағала Өзінің пенделеріне мейірім етіп, олардың ізгі амал жасап, сауапқа кенелуіне үшін кейбір күндер мен түндерді өзгелерінен артық етіп бекітті. Сол ерекше берекелі уақыттардың бірі – зұл-хижжа айының алғашқы он күні. Бұл күндер – мұсылман баласының Раббысының кешіріміне бөленуге ұмтылып, құлшылық пен игі амалдарға ерекше ынта танытуы қажет кезең.***




Зұл-хижжа айы – Исламдағы ең қадірлі әрі қасиетті айлардың бірі. Әсіресе, оның алғашқы он күнінде жасалған әрбір ғибадаттың сауабы еселеніп, Алланың алдында дәрежесі жоғары болады. Сондықтан бұл берекелі күндерді бос өткізіп алмай, намаз, ораза, зікір, садақа және басқа да қайырлы амалдарды көбейту – әрбір мұсылман үшін үлкен мүмкіндік әрі сауапқа бастар жол.

Алла Тағала қасиетті Құранның «Фәжр» сүресінің алғашқы екі аятында: ***«Таң шапағына серт. Және (мүбәрак) он түнге серт»,*** – деп айтқан. Ибн Аббас (Алла оған разы болсын) аталмыш аятты: «Бұл аятта зұл-хижжа айының алғашқы он күніне байланысты айтылған», – деп тәпсірлеген. Алла Тағаланың қасиетті Құранда қандай да бір нәрсемен ант етуі – сол нәрсенің маңыздылығын білдіреді. Ендеше бұл аятта зұл-хижжа айының он күнінің ерекшелігі мен артықшылығы айтылып тұр. Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Алла Тағалаға осы (он) күнде істелген игі істен жақсырақ амал жоқ», – деді. Сахабалар: «Уа, Алланың елшісі! Сонда Алла жолындағы күресу де оған тең келмей ме?» – деп сұрады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Алла жолында күресу де оған тең келмейді. Тек жанымен әрі малымен күресіп, кері қайтпаған адамның жағдайы бөлек», – деп жауап берді (имам Бұхари).

Төменде осы бағалы әрі санаулы он күнде мұсылман үмбеті атқаратын негізгі амалдарды тарқатып айтуды жөн көрдік.

## ҚАЖЫЛЫҚ

Қажылық «әл-хажжу» деп айтылып, тілдік мағынасы – ұлық тұтқан нәрсеге талпыну және ниеттену, оны мақсат тұту дегенді білдіреді. Терминдік мағынасы: «Шариғат тарапынан белгіленген уақытта арнайы құлшылық рәсімдерін атқару үшін Қағбаны ғана мақсат етіп жолға шығу» дегенді білдіреді.

Алла Тағала қасиетті Құрандағы «Әли Имран» сүресі, 97-аятында: ***«Алланың үйін зиярат етуге шамасы келетін әрбір адам үшін қажылыққа бару – оның мойнындағы Алланың ақысы. Ал егер кімде-кім күпірлік етіп, қажылықты жоққа шығарса, біліп қойыңдар, Алла ешкімге мұқтаж емес, керісінше бүкіл ғалам Оған мұқтаж»,*** – деп айтқан.

Қажылық – исламдағы бес парыздың бірі. Қажылық – зұл-хижжа айының белгілі күндерінде орындалатын әрі белгілі уақытпен шектелген ғибадат түрі. Ол мұсылмандардың бірлігін, теңдігін, бауырластығын көрсететін ұлы құлшылық саналады. Әлемнің түкпіртүкпірінен жиналған мұсылмандар бір киімде, бір ниетпен, Жаратушыға құлшылық жасап, Исламның ұлылығын паш етеді. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қажылықтың сауабы турасында: ***«Кімде-кім Алла үшін қажылық жасап, жаман сөз бен әрекеттерден аулақ болса, анасынан туғанда қандай күнәсіз болса, сондай болып күнәларынан арылып қайтады»,*** – деген (имам Бұхари).

## АРАПА КҮНІ ОРАЗА ТҰТУ

Арапа – зұл-хижжа айының тоғызыншы күні. Ол – дін кемеліне келіп, нығмет толыққан әрі Алланың құлдарын тозақтан азат ететін ұлы күндердің бірі. Бұл берекелі күні Құрандағы ең ұлы аяттардың бірі түсті. Алла Тағала қасиетті Құранда: ***«Міне, бүгін діндеріңді кемеліне жеткіздім, сендерге деген нығметімді тәмамдадым және сендер үшін дін ретінде Исламды таңдадым»,*** – деген («Мәида» сүресі, 6-аят). Сондай-ақ Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: ***«Алла бір құлын тозақтан азат ететін күндердің ішінде Арапа күнінен артық күн жоқ»,*** – деп айтқан (имам Мүслим).

Бұл күні қажылық парызын өтеуге барған кісілер Арафат жазығына бір мезет тұрақтайды. Олар арапа күні ораза ұстамайды. Ал қажылыққа бармаған кісі арапа күні ораза ұстауы сауап болмақ. Зұл-хижжаның тоғызыншы, яғни арапа күні ораза тұту – сүннет. Өйткені, Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ол күні ораза ұстап, сахабаларын ораза тұтуға шақырған. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) арапа күні ораза ұстау жөнінде былай дейді: ***«Арапа күнгі ораза арқылы Алла Тағаланың өткен және келер жылғы күнәларды кешіруін үміт етемін»*** (имам Мүслим).

## ТӘКБІР ТАШРИҚ АЙТУ

Зұл-хижжа айының алғашқы он күнінде Алла Тағаланы көбірек ұлықтап, мақтау сөздерін айтып жүру қажет. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Алла Тағаланың құзырында осы он күнде жасалған ізгі амалдан абзал әрі сүйкімді іс жоқ. Ендеше, ол күндері тасбих (субханалла), тахмид (әлхамду лиллә), тәһлил (лә иләһа илләлла), тәкбір (Аллаһу акбар) сөздерін айтуды көбейтіңдер»,*** – деген (имам Ахмад).

Ал тәкбір ташриқ айту – намаз оқу міндет болған әрбір мұсылманға уәжіп. Алла Тағала «Бақара» сүресінің 203-аятында: ***«Санаулы күндері Алланы еске алыңдар!»,*** – деп бұйырған. Аяттағы «санаулы күндер» дегенді Әзіреті Әли (Алла оған разы болсын) арапа күнгі таң намазынан бастап, айттың төртінші күні екінті намазының соңы деп түсіндірген. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз хадисінде: ***«Ташриқ күндері – тамақтану, су ішу және Алла Тағаланы еске алу күндері»,*** – деген (имам Мүслим).

Мәшһүр Жүсіп бабамыз: «Айтылды: «Алла-акбар» екі жерде, намаз бен құрбан шалу келді бірге», – деп, бұл күндері Алла Тағаланы ұлықтаудың артықшылығы жөнінде айтқан. Тәкбір ташриқ: «Алла ұлық, Алла ұлық. Алладан өзге тәңір жоқ. Алла ұлық, Алла ұлық. Барлық мақтау Аллаға тән», – деп айтылады. Жәбирден (Алла оған разы болсын) жеткен хадисте: Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) арапа күні таң намазын оқығаннан кейін сахабаларына бұрылып: ***«Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар. Лә иләһа иллаллаһу уаллаһу әкбар. Аллаһу әкбару уә лилләһи-л-хамд»,*** – дейтін. Осылайша арапа күнінің таң намазынан бастап, соңғы тәшриқ күнінің екінті намазына дейін айтатын», – делінген (имам Дарақутни).

## АЙТ НАМАЗЫН ОҚУ

«Айт» сөзі «әл-ғиду» сөзінен енген. Айт намазы шариғат тарапынан мұсылмандарға уәжіп етіліп һижраның екінші жылында енгізілді. Әнастың айтуынша, Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Мәдинаға келгенде мәдиналықтар тойлайтын екі күн болатын. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Бұлар не қылған екі күн?»*** – деп сұрайды. Олар: «Исламнан бұрын осы екі күнде ойнап, көңіл көтеретінбіз» – дейді. Сонда Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Расында, Алла ол екеуін одан да жақсырақ мерекелерге: Құрбан айт пен Ораза айтына айырбастады», – деді. Мерекенің алғашқы күні айт намазына ғұсыл құйынып, әдемі, таза киім киіп, үстіне хош иіс сеуіп барған жөн. Имам Мәлик: «Мен ғалымдардың айт күндерінде жасанудың және хош иіс жағудың абзал екендігі туралы көп айтатынын естігенмін»,*** – деген. Сонымен қатар Құрбандық етімен ауыз ашу үшін намаздың алдында ештеңе жемеу мұстахап амал саналады. Хадис шәріпте: «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ораза айт намазына тамақ ішпей бармайтын, құрбан айт намазына тамақ ішпей баратын еді», – делінген (имам Тирмизи).

Жұма намазы парыз болған әр мұсылманға айт намазын оқу – уәжіп. Айт намазының уақыты күн бір немесе екі найза бойындай деңгейге көтерілгенде кіріп, оның аспан биігіне жетуімен шығады. Яғни күн шыққан соң жарым сағат өткенде айт намазының уақыты кіреді. Айт намазын имаммен бірге атқаруға үлгермеген адам оның қазасын өтемейді. Құран Кәрімдегі «Кәусар» сүресінің, 2-аятында Алла тағала: ***«Раббың үшін намаз оқы және құрбан шал!»*** – деп бұйырған. Тәпсірде бұл аяттың Құрбан айт намазы мен құрбан шалу турасында екендігі айтылған.

## ҚҰРБАН ШАЛУ

Ыбырай Алтынсарин бабамыз «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегінде: «Мұсылмандарға жыл сайын зұлхижжа айының оныншы күнінде, яғни оразадан екі ай он күн өткен соң құрбан шалу уәжіп. Құрбан шалу Ибраһим пайғамбар уақытынан бері мирас болды», – деп жазған. Құрбан айтта құрбандық шалу – әрбір ақыл-есі сау, жолаушы болмаған, мал-дүниесі нисап мөлшеріне жететін мұсылман адам үшін уәжіп. Алла Тағала қасиетті Құранның «Хаж» сүресінің 34-аятында: ***«Біз әрбір үммет үшін өздеріне берген малдардан, Алланың атын атап құрбан шалуды бекіттік»,*** – деген.

Құрбандық шалу жай ғана мал сою емес. Ол – адамның ықыласы, иманының беріктігі, тақуалығы мен өзгеге деген мейірімінің айқын көрінетін сәті. Бұл құлшылықта пенденің нәпсісімен күресі, жомарттығы мен сараңдығы, кеңдігі мен тарлығы да сынға түседі. Сүннетке сәйкес құрбан етін үшке бөліп, бір бөлігін мұқтаж жандарға, екінші бөлігін туған-туыстарға немесе көршілерге, ал қалған бөлігін өз отбасына алып қалуға болады.

Түйіндей келгенде, зұл-хижжа айының алғашқы он күні – әрбір мұсылман үшін өте маңызды, қадірлі уақыт. Бұл күндерде жоғарыда айтылған ізгі амалдармен қоса өзге де сауапты амалдарды барынша көп жасауға тырысу ләзім. Алла Тағала әрбір амалымызды шынайы ниет және ықыласпен орындауды және оның қабыл болуын нәсіп етсін!

**Қазыбек АНУАРБЕКҰЛЫ,**
**ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің маманы.**

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

# «ҚҰТҚАРУШЫНЫҢ БІР КҮНІ»

**Аудан прокуратурасының бастамасымен «Заң және тәртіп» идеологемасын ілгерілету акциясы аясында аудан мектептерінің оқушылары үшін Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөліміне «Құтқарушының бір күні» атты экскурсиясы ұйымдастырылды.**



Іс-шара барысында Мағжан Жұмабаев ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері қатысушыларды күнделікті қызметімен, мамандандырылған техникамен, авариялық-құтқару саймандарымен және құтқарушылардың жабдықтарымен таныстырды. Сондай-ақ, төтенше жағдайларға ден қою кезінде бөлімшелер жұмысының элементтері көрсетілді.

Өртқауіпсіздігі ережелерін сақтау, тұрмыстағы қауіпсіз мінез-құлық және төтенше жағдайлар туындаған кездегі іс-әрекеттер мәселелеріне ерекше назар аударылды. Оқушылар қызықтырған сұрақтарын қойып, құтқарушылар қызметінің шарттарымен танысуға мүмкіндік алды.

Өткізілген іс-шара кәмелетке толмағандардың құқықтық мәдениетін арттыруға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және құтқарушы мамандығына құрметпен қарауға бағытталған.

Осы бағыттағы жұмыс жалғасатын болады.

**Мағжан Жұмабаев ауданының прокуратурасы.**

ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС- ШАРА

# «ЕСЕПТЕ ТҰРҒАН ТҰЛҒА»

***СҚО бойынша ҚАЖД МағжанЖұмабаев аудандық пробация қызметі бөлімімен 2026 жылдың 18 мамырынан бастап 22 мамыр аралығында «Есепте тұрған тұлға» атты жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.***

Жедел-профилактикалық іс-шараны өткізу барысында СҚО ҚАЖД бойынша аудандық пробация қызметі бөлімі және Мағжан Жұмабаев ауданы ПБ қызметкерлері учаскелік полиция қызметкерлері жұмылдырылды. Бұл іс-шараның басты мақсаты пробация бөлімінде есепте тұрған қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандарды тұрғылықты мекен-жайы бойынша тексеріспен қамтып, құқықбұзушылықтарды алдын алу болып келеді.

Сотталғандардың қатарынан жазаны өтеудің шарттарымен тәртібін орындауынан жалтарғаны анықталған күнде, олардың, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазасы бас бостандығын айыру түріндегі жазаға ауыстырылу сұрағы сотта қарастырылатыны жайлы олар ескертіледі. Сондай–ақ пробация бөлімінің қызметкерлерімен, сотталғандардың қатарын құқықбұзушылықтарды алдын алу мақсатында халықтың көп шоғырланған жерлері (кафе, ресторан, түнгі клубтар және саябақтар) тексеріспен қамтылады.

Қазіргі уақытта әрбір сотталғанға үнемі қылмыстық құқықбұзушылықтарға қайтадан жол бермеу жөнінде алдын алу әңгімелесу жүргізіледі, сонымен қатар сотталғанға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетіледі.



Әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру мақсатында, сондай-ақ сотталушының түзелуі бойынша барлық жұмыстар жасалуда.

Есепте тұрған сотталғандардың қатарынан жазаны өтеу шарттарымен тәртібін бұзу анықталған күнде, бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығын айыру жазасына ауыстыру сұрағын шешу үшін материал аудандық сотқа жолданатын болады.

**Мухамедияр ИСИН,
СҚО бойынша ҚАЖД Мағжан Жұмабаев аудандық ПҚБ аға инспекторы, әділет майоры.**

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

# НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ (ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ) ҚҰҚЫҚТАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ



**Отбасы – қоғамның негізі, ал неке және отбасылық құқықтарды қорғау мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының заңнамасы әрбір азаматқа отбасын құру, бала тәрбиелеу, бір-бірін қолдау және кәмелетке толмағандардың мүдделерін қорғау құқығына кепілдік береді.**

Неке және отбасылық құқықтар некені мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап туындайды және ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтарын қамтиды. Ерлі-зайыптылар отбасында тең құқықтар мен міндеттерге ие, балаларды тәрбиелеу, үй шаруашылығын басқару және отбасын қамтамасыз ету мәселелерін бірлесіп шешеді.

Мемлекет балалардың құқықтарын қорғауға ерекше көңіл бөледі. Әрбір баланың отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге, күтім, білім алуға, медициналық көмек алуға және кез келген зорлық-зомбылық пен қорлаудан қорғалуға құқығы бар. Ата-аналар баласының толық физикалық, моральдық және рухани дамуы үшін жағдай жасауға міндетті. Заңда ерлі-зайыптылар арасындағы даулар, ата-ана міндеттерін орындамау, алимент төлемеу және тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларында неке және отбасылық құқықтарды қорғау тетіктері көзделген. Мұндай жағдайларда азаматтар сотқа, қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, прокуратураға немесе полицияға шағымдануға құқылы.

Отбасы институтын нығайтуға, тұрмыстық жанжалдардың алдын алуға және жауапкершілікті ата-ана болу тәжірибесін қалыптастыруға бағытталған алдын алу жұмыстары маңызды рөл атқарады.

Неке және отбасылық заңнамаларды сақтау, әрбір отбасы мүшесінің құқықтары мен міндеттерін құрметтеу, өзара түсіністік және жауапкершілік қоғамның тұрақтылығы мен әл-ауқатының кілті болып табылады. Тек мемлекеттің, қоғамның және азаматтардың өздерінің бірлескен күш-жігері арқылы ғана отбасылық құндылықтар мен әрбір жеке тұлғаның құқықтары сенімді қорғауды қамтамасыз ете аламыз.

**Аягөз БАЙМОЛДИНА,
«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы Мағжан Жұмабаев аудандық АХАТ бөлімінің басшысы.**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

# ТӨЛЕМАҚЫ ТӨЛЕУШІЛЕР НАЗАРЫНА!




**Бұрын қоршаған ортаға теріс әсері үшін төлемақы төлеушілерге I, II, III және IV санаттағы объектілердің операторлары жататын.**

Кейіннен, Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 402-VI ҚРЗ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізіліп, IV санаттағы объектілер операторлары аталған төлемақы төлеушілер қатарынан шығарылды.

Аталған өзгерістер 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

Осылайша, IV санатқа жататын және қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақыны бұрын есептеп, төлеген салық төлеушілер артық төленген сомаларды есепке жатқызуды немесе қайтаруды жүргізуі қажет.

**Мағжан Жұмабаев ауданының мемлекеттік кірістер басқармасы.**

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА




БІЛЕСІЗ БЕ?

**2026 жылғы 1 сәуірден бастап мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа тәртібі қолданылады**

Жалпы конкурсқа қатысу үшін кандидат eqyzmet.gov.kz интернет-порталында тіркелуі қажет және мемлекеттік тілді және заңнаманы білуге арналған тестілеуден, сондай-ақ жеке қасиеттерін бағалаудан өтуі тиіс.



**ЗАҢНАМАНЫ БІЛУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ** келесі 4 НҚА-лар бойынша жүргізіледі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдары, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі.

**ЖЕКЕ ҚАСИЕТТЕРДІ БАҒАЛАУ БОЙЫНША ТЕСТІЛЕУ 3 бағдарлама бойынша жүргізіледі:** [illegible]

ЖХБ бойынша ең жоғары ұпайлары бар **үздік 5 үміткер** конкурстың келесі кезеңіне өтеді:
**басшы лауазымдарға** online тәртібінде екі жүз елу сөзден аспайтын мемлекеттік немесе орыс тілдерінде **эссе жазады** және бейне байланыс арқылы **әңгімелесуден** өтеді;
**басшылық емес лауазымдарға екі практикалық тапсырманы** қашықтан орындайды.
Жеке қасиеттерін бағалауға тестілеу қорытындысы бойынша ең жоғары жиынтық балл жинаған Кандидат жалпы конкурс кезеңдерінің жеңімпазы болып танылады.
**Конкурстық рәсімдердің мерзімі 5-7 жұмыс күнін құрайды.**

«AGROSKILLS – 2026» КӘСІПТІК ШЕБЕРЛІК ЧЕМПИОНАТЫ

# ОБЛЫС ЧЕМПИОНАТЫНДА ЖҮЛДЕЛІ 2-ШІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНДІ



*Булаев қаласының кәсіптік даярлық және қызмет көрсету колледжінің студенттері 13-14 мамыр күндері Жәлел Қизатов атындағы жоғары ауыл шаруашылығы колледжінің базасында өткен «AgroSkills – 2026» кәсіптік шеберлік чемпионатына қатысты. Тартысты күрестің қорытындысы бойынша колледж командасы аграрлық саланың болашақ мамандарын даярлаудың жоғары деңгейін растай отырып, жүлделі екінші орынға ие болды.*

Чемпионатқа Солтүстік Қазақстан облысы колледждерінің үздік студенттері, сондай-ақ Ақмола облысының өкілдері де қатысты. Жарысқа өңірдің барлық аудандарынан келген командалар байқауды ерекше беделді және бәсекеге қабілетті ете білді. Әрбір қатысушы теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар практикалық дайындықтың жоғары деңгейін, кәсіби төзімділікті және нақты өндіріске жақын жағдайларда жұмыс істей білуді көрсетуге тырысты.

Кәсіптік даярлық және қызмет көрсету колледжінің намысын өндірістік оқыту шебері Андрей Владимирович Бачанцевтің жетекшілігімен Бобров Вадим мен Рындин Никита сынды студенттер қорғап, барлық конкурстық бағыттар бойынша кәсіби шеберліктің жоғары деңгейін және байсалды дайындықты паш етті.

Конкурстық бағдарлама үш модульден тұрды: жол қозғалысы ережелерін білуін тексеру, соқамен жырту және сепкішпен тұқым себу, сондай-ақ цилиндрлер блогының бастиегіне қызмет көрсету. Барлық кезеңдерде колледж студенттері сенімді білім мен жақсы практикалық дағдыларды көрсете білді. Команда жол қозғалысы ережелері модулінде жарысқа қатысушылар арасында үздік нәтижеге қол жеткізді.

Практикалық тапсырмаларды орындау барысында конкурсанттар заманауи ауыл шаруашылығы техникасымен жұмыс істеу, технологиялық талаптарды сақтау және нақты өндіріске барынша жақын жағдайларда шешім қабылдау қабілеттерін көрсетті. әділ қазылар жұмыстың сапасын, дәлдігін, қауіпсіздік техникасының сақталуын және қатысушылардың кәсіби мәдениетін бағалады.

Барлық сынақтардың қорытындысы бойынша біздің кәсіптік даярлық және қызмет көрсету колледжінің командасы 2-ші орынды иеленді. Бұл асқан бәсекелестік пен мықты қатысушылардың көптігін ескерсек, жоғары нәтиже деуге әбден болады. Студенттердің бұл айтулы жетістігі - табанды дайындықтың, үлкен жауапкершіліктің және оқытуға кәсіби көзқарастың нәтижесі екені анық.

Жетістікке жетудегі үлкен еңбек өндірістік оқыту шебері Андрей Владимирович Бачанцевке тиесілі екені сөзсіз. Оның кәсібилігі мен білім алушыларға ұқыптылықпен қарауының арқасында балалар колледжді облыстық деңгейде лайықты түрде өнер көрсете алды.

Булаев қаласының кәсіптік даярлық және қызмет көрсету колледжі көптеген жылдар бойы тәжірибеге бағдарланған оқытуды дамытуға, материалдық-техникалық базаны нығайтуға және әлеуметтік әріптестермен өзара іс-қимылға көп көңіл бөліп келеді. Колледж студенттері үнемі кәсіби шеберлік конкурстарына қатысып, жоғары дайындық деңгейін көрсетуде және әртүрлі алаңдарда оқу орнының намысын қорғауда.

Студенттер Вадим Бобров пен Никита Рындинді, сондай-ақ өндірістік оқыту шебері Андрей Владимирович Бачанцевті лайықты жетістіктерімен құттықтап, одан әрі жеңістер, кәсіби өсу және жаңа жетістіктер тілейміз.

**Батыр ӘБІЛМӘЖІНОВ,**
**директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.**

ВОЛЕЙБОЛ

# ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗЫ - БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ КОМАНДАСЫ

**17 мамыр күні Булаев қаласында батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының спорт залында жаттықтырушы-оқытушы Владимир Гельмундович Гюнтнерді еске алуға арналған ерлер командалары арасында волейболдан дәстүрлі бесінші турнир өтті.**



Жарысқа Владимир Гельмундовичтің туыстары және ауданның спорт ардагерлері шақырылып, төрт команда сынға түсті.

Тартысты әрі қызықты өткен ойындардың нәтижесі бойынша Булаев қаласының ерлер командасы жеңімпаз атанды. Ал Лебяжье ауылдық округі мен Мағжан Жұмабаев ауданының БЖСМ командасы күміс және қола медальдарды ұтып алды.

Жалпы барлық қатысушылар естелік сыйлықтармен және дипломдармен марапатталып, үздіктер ойыншыларға сый-сияпат жасалды. Мәселен, Александра Найман (Полудин а/о) - үздік либеро атанса, Егор Жильцов (Булаев қаласы) - үздік блок қоюшы деп танылды. Кенжебай Марлен (Булаев қаласы) - үздік шабуылшы атанса, үздік байланыстырушы атағына - Логинов Даниил (БЖСМ) лайық деп танылды.

**Владимир КУРИШКО,**
**БЖСМ басшысының орынбасары.**

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

# ӘСКЕРИ-ДАЛАЛЫҚ ЖИЫНДАР – ЕР БАЛАЛАРДЫ ШЫҢДАЙДЫ



**Мамыр айының 15-17 жұлдызы аралығында, үш күн бойы «Аққайың» балалар сауықтыру-білім беру орталығының базасында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша аудандық әскери-далалық жиындар өткізілді. Жиынға аудан мектептерінің 10-шы сыныптарынан 77 жасөспірім қатысты. Оқу үдерісін ұйымдастыру мен сүйемелдеуді 18 АӘжТД ұйымдастырушысы қамтамасыз етті.**

Үш күн бойы қатысушылар тактикалық дайындық, саптық дайындық, атыс дайындығы, күштік және дене дайындығы бойынша сабақтардан өтті. Сонымен қатар оқушылар АК-74 макетін толық емес бөлшектеу және жинау, АК-74 макетінің оқжатарын оқтау және босату, нысана көздеп ату, ОЗК мен газтұмылдырықты уақытқа кию әскери-қолданбалы жарыстарда сынға түсті.

Қарақоға ауылының шекара заставасы өкілдерінің көрсетілімі ерекше қызығушылық тудырды. Олар қызметтік иттің жаттығуларын көрсетіп, қатысушыларды жауынгерлік қару-жарақ және арнайы жабдық үлгілерімен - тапаншамен, пулеметпен, Калашников автоматымен, бронежилетпен, жүк түсіргіш кеудешемен, кевлар каскасымен және өзге де арнайы жарақтармен таныстырды. Сондай-ақ оқушыларға дабыл тапаншасы, дабыл түрлері мен олардың қолданылу мақсаты туралы түсіндіріп, мемлекеттік шекараны қорғау қызметінің ерекшеліктерімен бөлісті.

Петропавл қаласының өкілдері оқушылар үшін «Лазертаг» тактикалық ойынын ұйымдастырды. Бағдарламаның ең жарқын кезеңдерінің біріне айналған бұл ойын қатысушыларға командалық рухты, ептілікті, төзімділікті және стратегиялық ойлау қабілетін көрсетуге мүмкіндік берді. Қауіпсіз инфрақызыл сигналдар арқылы жүзеге асатын бұл заманауи командалық ойын тактикалық өзара әрекет жағдайына барынша жақын: арнайы датчиктер дәл тигізуді тіркейді, ал жеңіс команданың ұйымшылдығына, шапшаңдығына және дұрыс стратегия құра білуіне байланысты болады.

Әскери-далалық жиындар мазмұнды, қызықты әрі әсерлі өтті. Қатысушылар құнды практикалық дағдыларды меңгеріп, теориялық білімдерін бекітті, дене дайындығын нығайтты, командада әрекет етуді және шынайы жағдайларға жақын ортада жылдам шешім қабылдауды үйренді.

Осындай іс-шаралар жастардың бойында патриоттық сезімді, әскери қызметке құрметті, азаматтық борыш пен ел болашағына деген жауапкершілікті қалыптастырады. Көптеген қатысушылар үшін бұл үш күн өз күшін сынап, мінезін шыңдап, болашақ Отан қорғаушыларының бір бөлшегі екенін сезінуге мүмкіндік берген маңызды өмірлік кезең болды.

Директор - бас редактор
Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.
Тел: 2- 17- 49.
Басылым индексі 65360
e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады.
Жазылу индексі - 65360

«Magjan juldyzy» газеті
редакцияда терілін беттелді.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылды.
(Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй).
Таралымы - 600

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады